


ЭД  
1  
2011

# САЛАМ ДЕБИЕТІ

ISSN 1991-878X



## Немірде:

### Сынын бермес сырлы сөз

Э. Хемингуэй  
С. Моэм  
Ш. Айтматов

### Жаһан жырлары дестесінен

У. Уолт  
Р. Фрост  
Л. Хьюз  
Р. Бернс

### Көнеден жеткен қазына

Махабхаратта  
Энкидиада

### Тәржіме таразысы

С. Маршак  
Г. Митин  
Т. Калякина  
В. Дудинцев  
Б. Ахмадулина



Лаура ДӘҮРЕНБЕКОВА

## ТӘЖІРИБЕЛІ ТӘРЖІМЕШІ

1960-1980 жылдардағы қазақ тіліне аударылған көркем шығармаларды талдау барысында, аудармашылардың аударып отырган мәтінін оқырманның қабылдау, түсіну ерекшеліктеріне сәйкестендіру үшін, аударма теориясындағы түрлі әдістәсілдер қолданылған. Атап айтқанда, лексикалық, семантикалық трансформациялар: жіктеу, нақтылау, ұлғайту, мағыналық даму сияқтылар. Тікелей аударма болсын, сатылы аударма болсын Ә. Сатыбалдиевтің интерпретациялық ұстанымы — түпнұсқаны барынша дәл жеткізу. «Аудармашының түпнұсқа шенберінен шығып кетуге қақысы жок. Түпнұсқа мәтіні қандай аудармашыға болмасын бұлжымас заң. Ал, аударма үдерісінде кейбір еркіндіктер, мәселен, бір сөзді немесе бір ұғымды басқа сөзбен беру кейде түпнұсқа әрпінен аулақтау — бұлар ауытқу емес, сапалы аударма жасаудағы әдіс-амалдар болып табылады», — дей отырып, Ә. Сатыбалдиев түпнұсқа мәтіннің коммуникативтік акпаратын дәл жеткізеді. Аудармашының орыс, өзбек тілінен жасалған қай көркем аудармасын алсақ та, оқырман жүргегіне төл туындыдай әсер етері анық. Өйткені, ол көркем аударма шарттарын жақсы менгерген.

Аудармашының аудармашылық тәжірибесінің нәтижесінде бірнеше тақырыпта көркем аудармалары жарыққа шықты. Атап айтсак, орыс тілінен: Б. Полевойдың «Нағыз адам туралы аңыз», Е. Мальцевтің «Шын жүректен», Ф. Гладковтың «Балалық шақ туралы әңгіме», И. Гончаровтың «Жар», М. Твеннің «Әңгімелер», В. Железниковтың «Жүгі бар жолаушы», З. Фобианның «Үшайкай», Өзбек тілінен: Ш. Рашидовтың «Дауылдан да қүшті», «Кашмир жыры», А. Қаххардың «Қыштак», Ф. Насыровтың «Жүрек әмірі» атты шығармаларын қазақ тілінде еркін сөйлете отырып, ел мен елдің әдебиетін байланыстырудың нағыз дәнекері бола білді.

«Аудармашылық — нағыз шығармашылық өнер. Аудармашы екі тілді де тең дәрежеде білумен қатар, әрі жазушы, әрі ғалым болуға тиіс», — дей отырып, өзі де осы қасиеттерді бойына сініре білген.

М. Карапатаевтың «Көркем аудармамен суреткерлік қабілеті бар адам ғана айналысу керек», — деген сөзіне сүйенсек, әрі қаламгер, әрі аудармашы Ә. Сатыбалдиевтің аудармаларының сәтті шыққанына риясyz иланасыз.

Ә. Сатыбалдиев өзбек жазушыларының шығармаларын аудару барысында: «Аударма деген сөзбе-сөз көшіру емес, мағынасын түсініп, өзбекше сөйлету, сөйлеткенде оқырман қақалып-шашалып қалмайтындей, рахаттанып, қызығып оқитындей етіп беру керек екенін түсіне бастадым», — деп, А. Қаххар, Ш. Рашидов, Н. Фазылов шығармаларын қазақ тілінде еркін сөйлете отырып, екі елдің әдебиетін байланыстырудың нағыз дәнекері бола білді. Өзбектің тілін, дәстүрін жақсы билетіндікten оның аудармаларының тілі жатық, ұғымға женіл болып келеді.

Өзбек жазушысы Ш. Рашидовтың «Дауылдан да қүшті» романын аудару барысында еркіндік пен дәлдікті шебер ұштастыра отырып, қазақ тіліне жатық жеткізеді. Ш. Рашидовтың аталмыш романы мен аудармасын салыстыра отырып, шығармашылық еркіндікке бой алдырғанын байқаймыз.

Романда «Тың және тыңайған жерлерді игеру» науқанына байланысты шүрайлы да, жазық жерлерді игеріп, гүлстанға айналдыру мақсатындағы күресті күндер



сипатталады. Басты кейіпкерлер: Айқызы, Әлімжан, Жорабаев, Погодин, Смирновтар тау мен шөл даладағы жайсыз үйлерде тұратын колхозшыларды жана жерлерге үй салып көшіріп, шаруа мен мәдениетті көтеру, мемлекеттің ақ алтынын байыту жөніндегі ұсыныс-тілектері халықтың тірнектеп жиған табысын өзі ғана иеленіп отырған колхоз басшысы Қадыровқа ұнамайды. Қарсы шығып, кедергі келтіргенімен жеңіліс табады. Жанқиярлық еңбектің нәтижесінде мидай жазық далада сәнді үйлер бой көтеріп, дала ақ алтынға толды. Шығармада бірнеше оқиғалар тізбектеліп берілген. Қай жағынан алсақ та, түпнұсқа мен аударма мәтін бір-біrine сәйкес келеді. Оқырман үшін аударма түпнұсқаның жазылған кезеңінен хабар беріп отыруы керек. Көркем аудармадағы ақпараттарды қабылдау арқылы мәтінмен жеңе байланыска түседі. Яғни, қабылданған мәлімет рецепторға терең ықпал етеді. Оның сезіміне әсер етіп, қандайда бір іске баулуы мүмкін. Демек, оқырман мен мәтін арасында коммуникативті әсер пайда болып, прагматикалық байланыс орнайды. Ә. Сатыбалдиевтің түпнұсқадан тікелей аударған аудармасы арқылы аударма мәтін түпнұсқа мәтінге қаншалықты сәйкес екендігін бірнеше түрге боліп жүйелейміз:

— Аудармашы аударма барысында шығармашылық еркіндікті қолданғанымен, негізгі ойдың желісінен ауытқып кетпеуі керек.

Көркем туындыны аударған кезде соншалықты көп қурделі сұрақтар туындаиды, олардың тамырына үніліп, түпнұсқаның рухын сезіне отырып, өз көнілің қалағандай аударған дұрыс. Жалпы, аударма теоретигі ретінде Ә. Сатыбалдиевтің бағыты да осы. Аудармада шығармашылық еркіндіктің түпнұсқаның шеңберінен шықпай, автордың бар стилін сақтай отырып, аударманы окуға жеңіл және тартымды етіп шығаруды, сондай-ақ, түпнұсқаның ықпалына түсіп кетпей, оның барлық бояуын, ырғағын, ой астарын ана тілінің занды жүйесінде жеткізе білу керек екендігін басты орынға қойып, бұл ойын көркем шығармаларды аудару барысында ұстанады. Мысалы, «Қатартал қыстағына қоқтем ерте шықты. Бірнеше айлар бойы тау баурайын көрпедей қымтап, тұтаса жауып жатқан қалың қар әлдеқашан-ақ еріп кеткен. Жақпар тастар мен төбелердің теріскей жағында, ой-шүкірларда жасырынып қалған қар пәршелері қоқтем күнінің ыстық лебімен қазанға түсken майдай еріп, сай-жылғаларды қуалай сарқырап ағып жатыр». Аудармашы романды осылайша Қатартал қыстағын суреттеуден бастаса, түпнұсқада өрік ағашының астындағы биік сәкіде жатқан Мұратәліні таныстырудан басталады. Демек, аудармашы қазақ оқырмандарына шығармада маңызды орын алатын Қатартал жерін қазақ оқырманына жақынырақ таныстыру үшін, бейнелі түрде еркін жеткізуіді мақсат еткен.

— Әрбір сөздің, сөз тіркесінің баламаларын дұрыс тауып, бірі-бірімен сәйкес қыыстырып, түпнұсқадағы мағынаны дәл беру керек. Мысалы, «— Мен гапнинг туғрисини айтаман, — деди Султанов утирганларларга куз юргутириб. У, одатдагича, табассум билан сузларди. — Халқимизда, туғри гапириб, туғишиганинга екмайсан, деган мақол бор. Эхтимолки, мен хам туғри гапни айтаби, айрим кишиларнинг дилига озор берарман». Бұл сөйлемді қазақ тіліндегі аудармасымен салыстырайык:

«— Мен сөздің тұрасын айтамын, — деді Сұлтанов отырғандарға көз жүгіртіп. Өзі әдетінше, жымия күліп қойды. — Халқымызда «тұра сөйлеп, туғанына жақпайсын» деген мақал бар. Мен де сөздің тұрасын айтамын деп, кейбір кіслерге ұнамай қалуым ықтимал», — деп ешбір сөзді қысқартып, қосуларсыз, мәтінге сәйкес аударады.

— Оқырман үшін тұпнұсқадағы ойды айқындаң беру мақсатында мәтінге кіріспе сөз, немесе аудармадағы ұлғайту әдісін қолданады.

Ә. Сатыбалдиевтің өз сөзімен айтқанда, «кейбір сөз ауыстыру, косарлау, үстемлеу деген сияқты нәрселер шығарманың көркемдік бояуы мен эмоциялық есептің жеткізе түсу мүддесімен келген». Бұл ойы келесі мысалдар да аңғарылады.

«...Қатартал қыстағының табиғаты да тез-ақ жанданып, күннен күнгеге құлпыра бастады. Тау бектерлері мен сай-салалар көктемнің еркетайы болған гүлдер мен көк балаусаға малынып, тамылжи бастады. Күн ысыған сайын өсімдік те қоюлана түсті, бірте-бірте өсіп, ұлғайып, көріктене берді. Сайдың екі бетіндегі сирек біткен ағаштар да енді-енді бүршік ата бастаған еді». Аудармашы ішкі түйсігіне сүйене отырып, мәтінге бір азат жол қосу арқылы дәл нысанана тиіп, табиғатқа жан бітіреді

Тұпнұсқада: «Олтинсой чуллари теп-тегис, ерлари куйрукдай семиз ва серхосил, қуриқ ва буз ер очишининг харажати оз», — деп белгілі бір ойды аяқтап, келесі оқиғаға көшеді. Ал, аудармада: «Алтынсай жазығы мидай дала; топырағы шұрайлы да құнарлы, ал мұндағы тың және тыңайған жерлерді игерудің шығыны да аз» — дей отырып, «Соны ойлаған Айқызы, қыстақ советіне қарасты колхоздардың бар мүмкіншіліктерін терең зерттеп, есеп-қисабын алғаннан кейін, диқандармен, механизаторлармен, басшы қызметкерлермен кең түрде әнгіме жүргізді де, тың және тыңайған жерлерді игеру жұмысын осы көктемнің өзінде-ақ бастап жіберген жән болар деген қорытындыға келді», — деп өз жаңынан қосып, тұпнұсқадағы ойды айқындаі түседі. Себебі, романның басты мотиві тың және тыңайған жерлерді игеру жолындағы Айқыздың бастамасын беру. Өжеттілігін, еңбеккорлығын көрсету болса, аудармашы оны дәлелдермен нақтылайды.

«Олтинсойликлар оммавий чиқишига тайёрланардилар. Хар бир ховлида ва устахонада кетмөн ва белкуракларни чархлар эдилар, кийм тиктириб, этик ва ботинка хозирлардилар», — деген сөйлемнің алдына: «Әмірде не бір салтанатты кезеңдер болады. Ол кездерде кісінің жүрегі кайрат-жігерге толып, еңбекке деген зауқы, ықылас, ынтасты арта түседі» — деп, Алтынсай тұрғындарының тың және тыңайған жерлерді игеру үшін қандай көніл-күйде, қандай дайындықта жүргендерін түсіндіру мақсатында оқиға алдына кіріспе қосады. Жоғарыдағы сөйлемге «Сол сияқты, алтынсайлықтар да тың және тыңайған жерлерді игеру жолындағы жаппай жорықтың басталуын ұлы мейрамды күткендей-ақ шыдамсыздана күтіп жүр. Эрбір аула мен шеберханада кетпен мен құректер кайрануда, киім тіктіріліп, етік, ботинкелер сайлануда», — деп, аудармашы қандай жорық екені түсінікті болу үшін әсерлел, көркемдеп ойды ұлғайтып береді де, әрмен қарай тұрғындар дайындығын тұпнұсқадағылай дәл аударып береді. Әрине, бірден өзбек тіліндегідей, «Алтынсайлықтар жорыққа шығуға даярлануда» деп бірден бастаса, қазақ оқырманына түсініксіз болар еді.

— Тұпнұсқада қайталанып берілетін кейбір ой қайталуулар аударма барысында қысқартылғанымен мағыналық сәйкестік сақталыну керек. Мәселен, романның үшінші бөлімі «Хат» деп аталағы. Айқыздың қалаға оқуға кеткен жары Әлімжанға ауылдағы жана жер ашу тұрасындағы болған дауды айтып, хат жазуы баяндалады. Автор: «Азизим, кадрдоним Олимжон aka! Хозиргина хатингизни ва хат билан суратингизни олдим. Қандай меҳрибонсиз-а! Сизни жуда-жуда соғинганимни, дийдор куришишга интизор булиб кутганимни узингиз хам билиб турғандир-



сиз, жоним. Мен сизга янги планимиз райкомда қандай мухокама қилинганини ёзмоқчиман». Аудармасында бұл бөлім «Хат» деп аталғанымен дәл осылай Айқыздың сағынышынан басталмайды. Алдына көп нүктө жіберіледі де, бірден «...Жорабаевтың кабинетінде аудандық партия комитетінің бюро мәжілісі болып жатыр еді...», – деп онда болған жағдайды хатта мәлімдейді. Демек, бұл бөлімнің бас жағы қыскартылып қалған. Себебі, алғашқы «Мөлдір бұлақ» бөлімінің аяғында Айқыз жарынан келген хатты қеудесіне қысып, іштей сағынышын жеткізгендігі суреттелгендейтін, аудармашы келесі бөлімінің бас жағында Айқыздың сезімін қайталауды жөн көрмей қыскартқан.

– Диалогтарды аударудағы сәйкестік. Диалогтарды аударғанда әрбір образдың көбінесе диалогта ашылатынын ескеріп, кейіпкерлердің бір-бірімен сөйлестіру тәсілін, дәл түпнұсқамен сәйкестендіріп беру. Келесі мысалға назар аударайық.

Романда басты кейіпкер Айқыздың образы диалогтар арқылы да ашылады. Мәжілістен шыққан Айқызды жастар коршап алып, сұрактың астына алды:

- Ойқиз опа, сизни токатсизлик билан күтапмиз.
- Айқыз апай, сізді күте-күте тағатымыз таусылды ғой!
- Иш тамом булгач, шоферни кундириб, туғри келавердик.
- Жұмыс біткеннен кейін, шоферді қөндіріп, тура осылай қарай жүре бердік.
- Бутон қишлоқ янги ер очиши туғрисида гапирмокда!
- Жаңа жер ашу мәселесін бүкіл қыстак сөз етіп жүр.
- Янги посёлкага нима деб ном берамиз?
- Айқыз апай, жаңа посёлкенің атын не деп қоятын болды?

Ойқиз самимий ва хушчакчақ сузлар даресиге кумилиб кетди. У хам қизлар сингари кутаринки рух, жаранглаган овоз билан жавоб берди:

Айқыз сүйікті де қуанышты сөздердің дариясына шомып кеткендей болды. Ол да, қыздардың өздері сиякты көтерінкі рух, шат қөңілді үнмен жарап беріп жатыр:

- Янги ер очиши планлари қабул қилинди, қизлар. Энди ишга!
- Жаңа жер ашу жоспары қабыл етілді кыздар. Енді іске жұмысындар.
- Ойқиз опа, раис нима деди?
- Айқыз апай председатель не айтты?
- Ха, қуяверинглар уни.
- Жә, оны кайтесіндер?

Бұл диалогта ауылдастардың Айқызға деген сенімі жатыр. Аударманы түпнұсқасымен салыстыра отырып, баламалары дәл койылып, бір-бірімен сәйкес қысып түрғандығына көз жеткіземіз. Ауылдастардың Айқызға деген сенімін білдіретін бұл диалог ешбір қыскартуласыз дәл берілген.

«Әсіресе, кейіпкердің қыын, қысталан жағдайда, қандай әрекет жасайтынын көрсету үшін диалогтың, яғни олардың қайсысын қалай сөйлетудің маңызы зор. Диалог арқылы кейіпкерлердің ішкі сыры аңғарылады. Яғни, әр кейіпкердің сөз саптауынан, оның ой-толғанысынан, сөйлеу өзгешелігінен жан-дүниесі айқын елес береді».

- Ким курипти?
- Кім көріпті?
- Бутун Олтінсой курган. Шамол булмаса, дараҳтнинг учи қимирламайды! Майли, шошмай тур, қизинг невара түкканини куриб қоларсан... – Муротали иргиб урнидан турди-ю, қалтироқ босган қулларини столга тираб, захар билан жавоб берди.

— Бұтін Алтынсай көрген. Жел түрмаса шөптің басы қымылдамайды! Мейлі, сабыр ете тұр, қызынның немере туып бергенін бір-ақ көресің әлі... — Мұратәлі ұшып орнынан тұрды да, қалтыраған қолдарын столға тіреп, ызғармен жауап берді.

— Тухмат! Гапнинг пухтаси шуки, қизим ундақтордан әмас. Юзимни ерга қаратмайды. Карим хам...

— Жала! Сөздің қысқасы, менің қызым ондайлардан емес. Жүзімді жерге қаратпайды. Кәрім де...

— Карим, — деди раис Муроталининг сузларини юлиб олиб, — у тирранча бошимизга биттан бало булди. Мехрини йулдан урган ким? Кучишга кундирған ким? Сенинг устингдан турли-туман оваза таркатған ким? Авом, нодон, қайсар, деган ким? Карим әмасми! Сен уни «халол йигит» дейсан. У булса, сени хам, мени хам оёк ости киляпти.

— Кәрім, — деді председатель, Мұратәлінің сөзін бөліп. — Ол онбаған басымызға бәле болды. Мехріні жолдан шығарған кім? Көшуге көндірген кім? Сенің үстіннен түрліше әуезе таратқан кім? Атам надан, қайсар, ожар кісі деп жүрген кім? Кәрім емес пе? Сен оны адал жігіт дейсін. Ол болса, сені де, мені де топыракпен тең етіп жүр.

— Хой, раис, оғзингизга қараб гапириң, худонинг қаҳрига учрайсиз.

— Кой, председатель, байқап сойле, Құдайдың қаһарына ұшырарсын.

Мұнда да, аудармашы диалогтағы сөйлесу тәсілін дәл беріп, екі кейіпкердің қактығысы арқылы мінез-құлықты тұпнұсқадағыдай ашып береді.

— Аударма барысында белгілі бір ұлт тілінің мәдениетіне, тарихына, дәстүріне, өміріне қатысты сөздерге түсініктеме беріп отыру. Аталмыш аудармада өзбек ұлтына ғана тән реалии сөздерге түсініктеме беріп аудару тәсілі де кездеседі. Бұл сөздер өзбек мәдениетіне, тарихына, тұрмысына, дәстүріне, өміріне қатысты түсініктер беріп отырады.

Бір ескерттері аудармашы тұпнұсқадағы «дутар» аспабын кейде домбыра деп береді. Мына мысалда, «Аликул булса, онда-сонда меҳмонлар келганды қизининг зехни тезлиги, фикри зурлиғи, укуви күплиги туғрисида мақтаниб, исботи учун дутор чалдириб, ашула айттиарды. Бундай пайтларда эрка қыз буралиб-буралиб келардида, ноз билан сузилиб, дуторга құл юборарди».

Аудармасы: «Әліқұл болса, оқта-текте бір қонақтар келгенде; қызынның зеректігін, ойы ұшқырлығын, көп оқитынын мақтаныш ететін де, онсын дәлелдегісі келгендей, домбыра тартқызып, ән салдыратын. Мұнданай кездерде ерке қыз бұрала басып келеді де, жұртқа назбен сүзіле қарап, дутарға қол созады». Сондай-ақ, «Назокатхон булса, узи қылған гунохлар изини дилидан хам, миясидан хам суғуриб ташлади-ю, яна уйин-кулғи, дутор, ашулага берилди, ноз билан сузилған кузлари кимларнидір қидирадиган булиб қолди...». Бұл сөйлем қазақ тілінде: «Назакаткан болса, істеген күнәсінің ізін ойынан да, миынан да өшіріп, тағы да ойын-кулкіге, домбыра мен әнге беріліп кетті, назбен сүзілген көздері тағы да әлдекімдерді іздей бастанды...», — деп, оқырман бұл сөйлемдерден өзбек қызы әрі домбыра, әрі дутар тартып ән салады екен деп түсініп қалмауы үшін, аудармашының «домбыра» сөзін енгізуіндегі керегі жоқ еді. Десек те, тек қана бір ұлтқа ғана тән реалии сөздерді аударылып отырған үлттың ұғымына сәйкестендіру үшін аудармашы алдымен «Дутар – өзбек домбырасы» деп түсініктеме береді де, әрмен қарай домбыра сөзін қолданып отырады.

— Аударма мәтінде тұпнұсқа тіліне сай бейнелеу тәсілдерін қолдану. «Әдебиетте көбінесе бұл ұғым сөз қолдану тәсілдері, бейнелі сөздер, мысалы, жалпы түрде

құбылту деп аталатын ауыстыру, метонимия, әсірелеу, тұспалдау, астарлау, теңеу, айқындау және стильдік айшықтар, дыбыстық қайтalamалар деген мағына да қолданылады. Бейнелеу тәсілдері, әрине, бұдан әлдеқайда кен, мол. Кейіпкерлерді мінездеу, сөйлету, портрет жасау, табиғат көріністерін суреттеу – осының бәрінде бейнелеу тәсілдері қолданылады».

«Тонг отди. Уфқ лоларанг булди. Аммо сойларнинг тубида, тоғларнинг оралирида энди чиқаэтган қуәшнинг заррин нурлари билан буялган туман куринарди. Баланд-баланд тоғларнинг чуққилари устидаги күмуш қор нур билан товланиб, Бухоро дупписига қадалган зардек ялтиради».

«Таң атты. Қекжиек жауқазын тақілеттеніп қызылт тартты. Дегенмен, сайдылғалардың түбінде, тау жақпарларының арасында енді ғана шашырап шығып келе жатқан күннің алтын нұрымен боялған тұман әлі де көрінеді. Аскар-аскар таулардың шоқы шындарын жапқан күміс қар, күн шұғыласымен түрлене түсіп, Бұхара тақиясына таққан зердей жылтырайды», – деп, мұнда қөктемнің алғашқы күндері түпнұсқадағыдай дәл аударылған. Тау шындарында қалған қарды күміс, жылтыраған зерге теңеуі сәтті шыққан.

«...Бу пайтда водийдаги ерлар анча исиб қолған эди. Аллақачон қорлар эриб, ерлар қуриб, баҳор хиди анқиб турарди. Тоғда булса, әртаюкөч изғириң әсіб тұрап, совуғи сүяк-сүякка утиб кетарди. Бирок, олтисойликлар аччик совукни хам, изғириң шамолни хам писанд килмай, ёнбағирларни хайдаб, дон сепиша давом килардилар».

Аудармасы: «...Бұл кезде қырдағы жазық жерлер едөуір қыза бастаған еді. Әлдекашан-ақ қар еріп, жер құрғап, қөктемнің исі аңқып тұрған-ды. Тау жакта болса, ертелі-кешті ызғырық соғып, сұығы кісінің сүйек-сүйегіне отеді. Бірақ алтынсайлықтар жай сұықты да, ызғырық желді де елемей, тау беткейлерін айдалап, егін егуге кірісіп кетті». Автор Алтынсай тұрғындарының еңбеккор екендігін көрсету үшін, сол сәттегі күннің сұықтығын суреттеу арқылы ұтымды тәсіл қолданған. Аудармашы да автордың бейнелеу тәсілін сактап аударғандықтан, аударманың көркемдігі жоғары болып шыққан. Сондай-ақ, түпнұсқада жиі кездесетін тенеулерді де дәл аударады. «Тенеулерді аудару – көркем аударманың аса маңызды, құрделі қыр-қатпарларының санатынан саналады. Өйткені тенеулер көркем аудармада көркемдік қуаты бар құрал екендігімен бірге үлттық образдық суреттеу көрсеткіштері болып табылады». Мәселен,

«Тікендей қадалған былапыт сөздер».

«Тикандек қадалувчи бу сузларни чидам билан суради».

«Бұрадай бұркырады».

«Маст тұядай букирди».

«Ойдин кеча, сув ховузининг тепасига келиб таббассум килаёттан тулин ойнинг заррин нурлари чайқалиб турған сувга тегарди-ю, бир парча күмуш тушкан-дай ялтираб кетарди».

«Жарық тұнде су коймасының дәл төбесінен жарқырай нұрын төккен айдың сәулесі болмашы шайқалған судың бетінде дір-дір етіп, күміс тенгедей жалт-жалт етеді».

«Ол теректей бойшаң кісі еді».

«У теракдай новча эди».

«Басқалардың бәрі гүлдей жасанып келсе, олардың ішінде Мехрі бір түп қурайдай болып сиықсыз көрінбей ме?».

«Дугоналари гулдай ясаниб келсалар, уларнин ичидә Мехри бир туп шувокдай куриңмайдими, ахир!».

«Дала бүркітіндей қырағы да жігерлі кісі болатын».

«Сахро бургутидек сезгир ва жасоратли эди».

«Айқыздың жұзіне қан жүгірді. Ағы ақ, қызылы қызыл алмадай алабұртып құлпыра бастады».

«Ойқизнинг юzlарига қон югурди, оқи оқ, қизили қизил нақш олмадай қуринарди».

«Толысудың орнына, шөптей боп қурап барады, гүлдей жайнаудың орнына, сабандай сарғаяды. Назақатхан толысқан терек сияқты болса, Адалат оның алдында сидиып қураған тұт ағашына ұқсайды».

«...семириш урнига чупдай озади, гулдай очилиш урнига, сомондай сарғаяди. Назоқатхон қулф урган терак булса, унинг олдидә Адолатхон қуриб қолган хасак тутға үхшарди».

«Зығыр майын жұтқандай-ак, жүрегін айнытқан бұл насиҳат сөздерді әрен-әрен тындаған келеді».

«Шөл даланың түрлі-түсті кілемдей боп көзді қаймықтыратынына Айқыздың да сенімі кәміл еді».

«Бәрі де су сепкендей тына қалысты».

«Оның жүрегі көкбұлақтай мөлдір таза».

Сонымен қатар, тұпнұсқада адамның бір сәттегі ашу-ызасын суреттеуде табиғат құбылыстарымен салыстыру арқылы сипатталынатын тәсіл де жиі кездеседі. Аудармашы да автордың бейнелеу шеберлігін сактап аударады.

Тұпнұсқа: «Жала-ёмғир ёққан пайтларда сув купайиб ариклардан тошғани каби, унинг уч-алами хам икки пиёла ичкандан сунг юракларидан тошиб чиқиби-ю, хаммасини захарли сузлар билан баён құлди».

Аударма: «Нөсер жаңбыр жауған кездерде судың көбейіп, арықтарға сыймай кететіні сияқты, оның ашу-кегі де, екі кесені қағып алғаннан кейін, жүрегіне сыймай тасып төгілді де, бар білгенін зәрлі сөзben баян етті».

«Айқыз өнө бойы шөл далаға шығып келіп тұратын, түрлі кәсіптің адамдарымен әңгімелесетін, гүлден-гүлге қонып, бал жинаған ара сияқты, Айқыз да халықтың пікірлері мен ойларын, тілек-мақсаттарын жинастырды».

Келесі назар аударатынымыз екі нәрсені қатарластыра бейнелейтін параллелизм тәсілінің аударылуы. Төмендегі мысалда ағаш пен адам жанастырыла суреттелген.

Тұпнұсқада: «Ойқиз уйчан кузларини узок-узокларға тикиб гапирди: — Тинчилик вактида яхши ишлаб, уруш вактида номардлик қылғанлар хам бор. — Ойқиз анча узокда, кум-кук кукариб турған майда-майда, аммо қалин дараҳтлар бир-бирига үхшайды. Аммо, уларнинг ичидә нимжонлари хам борки, тинч вактда кукараверади, каттық шамол түрдими, синиб кетади, ёки томири билан купорилади. Албатта иккисидан бири булади. Одамлар хам худди шундай, уста амаки, баязилар биринчи шамолгача яхши буладилар, холос...» десе, аудармасында «Айқыз ойлы пішінмен қыырға қарап тұрып сөйледі: — Ол сонау көз ұшындағы көкпенбек болып тұрған майда да қалың талға қарап сөйлеп тұр. — Қараңызышы, сонау ағаштар бір-біріне ұксап тұрғой. Бірақ олардың ішінде нашарлары да бар. Олар жағымды кезде көгеріп өсе береді де, катты жең тұрса, не опырылып сынады, немесе тамырымен қопарылып құлайды. Қалайда сол екеуінің бірі болады. Адамдар да дәл



солай, ұста аға, кейбіреулер алғашқы екпінге тап болғанынша жақсы болып келеді де, сонымен біtedі». Сөйлөп түрған Айқыз екендігі белгілі болып түргандықтан, аудармашы қызы есімін түпнұсқадағыдай қайталай беруді жөн көрмей «Ол» есімдігін колданады.

Сондай-ақ, аудармада кісі, жер-су аттарындағы өзбек тіліне тән дыбыстық қазақ тілінің орфографиялық заңдылығына сәйкестендіріп, транслитерация жасау арқылы беріп отырады. Мәселен, Қатортол – Катартал, Олтінсой – Алтынсай, Муротали – Мұратәлі, Қодиров – Қадиров, Журабоев – Жорабаев, Ойқиз – Айқыз, Олимжон – Элімжан, Аликүл – Элікүл т. б. Ал шығарма ішінде кездесетін орыс кейіпкерлерінің есімдері дыбыстық жағынан өзгеріске түспей, дәл беріледі.

Түпнұсқада кездесетін мақал-мәтелдердің аударылуына да назар аударайық.

«Темирни қизиғида ур».

«темірді қызған кезде сок».

«Алма пиш, оғзимга туш».

«Алма піс, аузыма тус».

«Чумчукдан куруқкан тариқ екмас».

«шегірткеден корықкан егін екпес».

«Үйламай сузлаган, оғримай улар».

«андамай сәйлеген, ауырмай өледі».

Байқап отырғанымыздай, бұл мақал-мәтелдер екі тілде де бір-біріне семантикалық жағынан тепе-тең келіп тұр

Кейде тәжірибелі және мәтінді терен түсінген аудармашының өзі авторды қабылдай алмай қиналуы мүмкін. Сондай кезде қаншалықты тырысқанымен аудармашы автор стилінің терен иірімдерін таба алмай, тамаша үйлесімділік тудыра алмайды. Мұндай кемшілік Ә. Сатыбалдиев аудармасында кездеспейді. Себебі, аударма үдерісі кезінде аудармашы түпнұсқадағы акпараттарды толықтай қамтып бере алады. Аударылып отырған ел мәдениетін, тілін, тарихын салт-дәстүрін жақсы білгендейтін, автордың сезімі мен ойын оқырманға жеткізу үшін пайдаланған тілдік құралдарды да сәйкестендіріп беріп отырады.

Сонымен, Ә. Сатыбалдиев Ш. Рашидовтың романын аудару барысында түпнұсқаның жазылған кезеңін, қабылдаушы оқырман деңгейін, екі елдің тілдік, психологиялық категорияларын ескере отырып, ең бағытының, мағыналары бір-бірімен сәйкес келетін туынды жасап шықты.

---

*Лаура ДӘҮРЕНБЕКОВА – филологияғылымдарыныңқандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы» кафедрасында аға оқытушы болып қызмет атқарады.*

